

**"2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 қаңтардағы N 23-11к қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 23-349к Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 7 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 575 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қаңтардағы N 23-12к Қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2010.01.15 N 23-12к Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 қаңтардағы N 23-11к қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 5 ақпанда N 557 болып тіркелген, "Астана ақшамы" газетінің 2009 жылғы 17 наурыздағы N 29 нөмірінде, 2009 жылғы 19 наурыздағы N 30 нөмірінде; "Вечерняя Астана" газетінің 2009 жылғы 28 наурыздағы N 37 нөмірінде жарияланған, "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 қаңтардағы N 23-11к қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 23-290к қаулысымен өзгеріс енгізілген Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 13 сәуірде N 567 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда қаулымен бекітілген 2009 жылы оқитын жастар мен жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізімінде :

N 3, 4-бағаналар алынып тасталсын;  
соңғы жол алынып тасталсын;

келесі мазмұндағы N 116-137 жолдармен толықтырылсын:

Р / с N	Кәсіпорындардың, ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері
116.	"Астана қаласының Ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі.	Полиция қызметкерлерімен қала аумағын патрульдеу.

117.	"Астана қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.	Өртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуге көмек көрсету.
118.	"Айбар" ПИК.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына қала аумағын жинастыруға, тұрғын үйді жөндеу және қайта жөндеуге қатысуға, аймақты экологиялық салауаттандыруға көмек ( көгалдандыру және абаттандыру) және басқалар.
119.	"Ақ-Бұлақ" ПИК.	
120.	"Аққу" ПИК.	
121.	"Ақмола" ПИК.	
122.	"Верховина" ПИК.	
123.	"ДОС" ПИК.	
124.	"Ертіс" ПИК.	
125.	"Кереге" ПИК.	
126.	"Луч" ПИК.	
127.	"Мичурино" ПИК.	
128.	"Молодежный-1" ПИК.	
129.	"Небоскреб" ПИК.	
130.	"Новая столица" ПИК.	
131.	"Сұңқар-2007" ПИК.	
132.	"Целинный" ПИК.	
133.	"Коммунальник-1" ӨК.	
134.	"Нұр-Жеңіс" ӨК.	
135.	"АНК-Жәрдем" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.	Автомобиль жолдарын салуда көмек көрсету.
136.	"Астана Нұры Компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.	
137.	"Ақмола Құрылыс Материалдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.	

2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелуді жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Ә.М. Рахымжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*И. Тасмағамбетов*